

Магистрант Раимжанова А.К.

Таразский инновационно - гуманитарный университет, Казахстан

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ СҮТ ӨНДІРІСІНІҢ ЭКСПРЕСС ТАЛДАУЫ

Бүгінгі таңда Қазақстанда аграрлық саясатты жүзеге асыру мәселесі өзекті болып табылады. Ел басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың 2018 жылдың 10 қаңтарында жарияланған «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында «Аграрлық саясат **еңбек өнімділігін** түбегейлі арттыруға және **өңделген өнімнің экспортын** ұлғайтуға бағытталуы керек. Біз егін егіп, дәнді дақылдарды өсіруді үйрендік. Оны мақтан тұтамыз. Алайда, қазір ол жеткіліксіз. Шикізатты қайта өңдеуді қамтамасыз етіп, әлемдік нарықтарға жоғары сапалы дайын өніммен шығуымыз қажет. Бұл мәселені шешуге барлық аграрлық кешеннің түбегейлі бет бұруы маңызды. **Аграрлық ғылымды дамыту** мәселесі басты назарда болуға тиіс.» деп атап өткен болатын [1].

Статистика агенттігінің мәліметі бойынша, қазір Қазақстанда жылына 5 миллион тоннаға жуық сүт сауылады. Сауылатын сүт көлемінен барлық қазақстандықтарды сүт және сүт өнімдерімен қамтамасыз ету көзделген. Алайда сарапшылардың мәлімдеуінше, өнеркәсіптік өңдеуге сүттің 30 пайызы ғана жеткізіледі. Бұл дегеніміз, сауда жүйелері арқылы халыққа жететін сүт көлемін өндіру үшін жеткіліксіз. «Елімізде табиғи сүт жоқ емес, бірақ оны жинау қиындық туғызуда. Өйткені, ірі қаралардың басым бөлігі жеке шаруалар мен қожалықтарда. Сүт көлемін жоғарылату мақсатында ауылды аймақтарда сүт қабылдайтын пунктердің санын көтеру туралы бірнеше жыл бойы мәселелер көтерілуде. Оң шешімін тауып жатқандары да аз емес. Сонау 2010 жылдан бастап бұл мәселе жоғары талаптар мен міндеттер қою арқылы

шешімін табуда. Елбасы Н.Назарбаев жыл сайынға халыққа Жолдауында агрокешендерді қолға алу мәселелерін көтеріп, ауылшаруашылығы министрлігінің басқаруымен бірқатар шешімін тапқан елеулі шаралар бар. Соның бірі органикалық өнім өндіру туралы Заңның қабылдануы. Осы тарапта, органикалық өнім өндірісімен қатар, олардың нормативтік құжаттары мен стандарттарын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Елімізде сүт және ет өндірісін дамыту, алдымен шикізат тапшылығын жою үшін және оның сапасын жақсартып, сүт өнімдері өндірісін арттыру, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту үшін маңызды. Себебі, тұрғылықты қабылдау пункттердің бір-бірінен алыс орналасуынан транспорт шығынының артуы кедергілер туғызады.

2016 жылы бес ірі сүт өндірушілер кірді - Шығыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, Алматы, Солтүстік Қазақстан және Қарағанды облысы. Биылғы жылы олар көшбасшы ретінде қалды, тек Алматы облысы өндіріс деңгейі бойынша Оңтүстік-Қазақстандықтарды басып озды да, екінші орынға тұрақтады.


Барлық осы өңірлерде 2017 жылдың 11 айында сүт өндірісі өткен жылға қарағанда артты. Шығыс Қазақстан- 825,9 мың тонна, Алматы - 681,6 мың тонна, Оңтүстік-Қазақстан - 674,4 мың тонна, Солтүстік Қазақстан- 517,2 мың тонна, Қарағанды - 410,3 мың тонна. Ең аз сүт өндірілген облыстар - Маңғыстау облысында - 6 мың тонна, Атырау - 56,4 мың тонна, Қызылорда облысы - 76,5 мың тонна. Қалған облыстарда сүт өндірісі 200-ден 400 мың тонна шегінде орналасқан.

Кесте 1

Сүт өндірісі 2017 және 2016 жылдар айлары бойынша, мың тонна

жылдар	қаңтар	ақпан	наурыз	сәуір	мамыр	маусым	шілде	тамыз	қыркүйек	қазан	елтоқсаан
2016	219,2	256,9	357,2	466,2	588,2	745,1	609,7	538,8	507,3	368,7	322,2
2017	225,7	264,9	372,9	478,9	600,6	765,6	624,6	555,0	521,2	382,3	333,8

Кесте мәліметтері бойынша график түсіретін болсақ, төмендегі сурет 1 көрсетуге болады.



Сурет 1 - Қазақстанда 2017 және 2016 жылдарындағы сүт өндіру динамикасы, мың тонна

Ауылды жерлерде сүт өндірісі үлкен тұрақсыздықтарға әкеледі. Диаграммада ұсынылған 2016 жылдың маусым айынан және 2017 жылдың маусым айына дейінгі мәліметтерді сипаттайды. Әрине көктем айларынан бастап сүтті сауу көлемі артады. Сүт өндірісінің үдемелі кезеңі маусым айында - 765,6 мың тонна, ал керісінше, төменгі деңгейі қаңтар айына келеді - 225,7 мың тонна. 2016 жылмен салыстыратын болсақ 2017 жылы әр ай сайын сүт өндірісінің артуы байқалады.

Сүт өндірісі деңгейі көптеген факторларға байланысты. Бұл сауын сиырларының саны және олардың әрқайсысының сүт беретіндігінің жеке өнімділігі, қызмет көрсетуші персоналдың біліктілігі және тәжірибесі және басқалар. өндіріс деңгейінің жалпы ірі қара мал басының тікелей байланысы облыстарында байқалмайды, бірақ үнемі қарастырылып отырылады.

Қорытындылай келе, қазақстандық сүт өнімдері Кедендік Одақ, ары қарай, ДСҰ талаптарына сай өнімдер шығарады деуге болады. Кедендік Одақ арасында жасалған стандарттар, техникалық регламенттердің және басқа осы

саладағы нормативті актілердің қабылдануы қазақстандық сүт өнімдерінің ДСҰ қоятын талаптарына сәйкестендіру жұмыстарының бірі болып табылады. Қазақстанның ДСҰ өту кезеңінің 20 жылдық тарихы бар. Осы арада стандарттау, сертификаттау облысында, кәсіпорындарды толығымен жана инновациялық жабдықтармен қамтамасыз ету және т.с.с. сияқты қыруар жұмыстар жасалған. Дегенмен, әлі де болса, көптеген жұмыстарды жүргізу алға қойылмай, көптеген мәселелер орнында қалып кету қаупі бар деп айтуға болады.

Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруімен байланысты елімізге Дүниежүзілік сауда ұйымының жеңілдетілген мөлшерлемесімен келген тауарлар қатаң қадағалауға алу тәртібі күшіне енген болатын. Дүниежүзілік сауда ұйымының жеңілдетілген мөлшерлемесімен кедендік тексерістен соң, жүкті одан кейін ел аумағынан шығаруға рұқсат жоқ. Егер кәсіпкер импортталған тауарды өзге елге шығарғысы келсе, онда Еуразиялық экономикалық одақ аясында бірыңғай тариф бойынша кедендік тексерістен өтеді. Айта кету керек, Дүниежүзілік сауда ұйымының жеңілдетілген мөлшерлемесі Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің тарифінен екі есе төмен және бұл елдер арасына тауар тасымалымен айналысушылар үшін - ортақ талап [3].

Литература

1. «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіп кешенін дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған бағдарламасы» (Агробизнес-2020)
2. "Сүт және сүт өнімдерінің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар" техникалық регламенті. 2008 жылғы 11 наурыздағы, N230 қаулысымен бекітілген.
3. Әлімжанова Л.В.Сүт өнімі. Оқулық.-Астана, 2008. -175 бет.